

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
06.05.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 06.05.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі қаралатын мәселелер біздің депутаттардың бастамашылығымен әзірленген.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Аталған заң жобасы Президент Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында парламенттік оппозиция институтын заңнамалық бекіту туралы тапсырмасын орындау мақсатында дайындалды.

Мемлекет басшысының аталған тапсырмасын пайдаланып, «Ақ жол» демократиялық партиясы алдын ала дайындаған «Парламенттік оппозиция туралы» Заң жобасын қазіргі жағдайдың талаптарына сәйкес қайта жаңартты.

Заң жобасы фракция депутаттарының сапарлары барысында жергілікті және ұлттық деңгейде сайлаушылардың, ғалымдардың және саяси қоғам өкілдерінің талқылауларынан өтті.

Талқылау жұмыстары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды. Мысалы, қантар айында «Хабар» телеарнасының бір сағаттық тікелей эфирде пікір алмасуы өтсе, ал сәуірде тәуелсіз интернет-ресурстарында шетелдік сарапшылардың қатысуымен тағы да екі тікелей эфир өтіп, онда да құжатқа қолдау көрсетілді. Сол талқылауларды YouTube арнасынан көруге болады.

Заң жобасының мазмұнына қатысты айтар болсақ, біз өзіміздің ұсыныстарымызды «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы» және «Парламенттік оппозиция мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» екі заң жобасына бөлдік.

Дегенмен Президент Тоқаевтың тапсырмасының басты мақсаты – оппозиция өкілеттілігі мен оның заңнамалық тұрғыдан оппозиция туралы

ұғымын, мәртебесі мен құқықтық кепілдіктері осы сатыда толық іске асырылуда деп білеміз.

Қос заң жобаларының көлемі көп болмаса да, саяси мағынасы және тарихи маңызы зор деп санаймыз.

Коротко об основных новеллах законопроекта.

Так, на уровне Конституционного закона «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» вводится определение парламентской оппозиции как политических партий, представленных в Мажилисе, не входящих в парламентское большинство и, как правило, выступающих по политическим и социально-экономическим вопросам с иной позицией, чем парламентское большинство. Такая формулировка почти дословно воспроизводит определение Доклада Европейской комиссии за демократию через право (Венецианская комиссия) «О роли оппозиции в демократическом Парламенте».

Другими нормами за парламентской оппозицией закрепляются следующие правовые гарантии:

на инициирование парламентских слушаний по актуальным вопросам жизнедеятельности государства и общества (не менее одного раза за сессию);

на определение повестки дня правительственных часов в Парламенте (не менее двух раз за сессию);

на внесение альтернативных законопроектов к тем правительственным законопроектам, с которыми оппозиция не согласна, и так далее.

Особого внимания заслуживает такая новелла, как гарантированное конституционным законом руководителям или представителям оппозиционных фракций право на выступления на совместных заседаниях палат Парламента, пленарных заседаниях Мажилиса, заседаниях комитетов, рабочих групп, парламентских слушаниях и всех иных мероприятиях в стенах Парламента.

Как можно видеть, перечисленные шаги в совокупности представляют собой важную политическую реформу.

У оппозиции – альтернативного мнения – есть право быть услышанным. Рассматриваемый законопроект переводит это право из теоретической возможности в требование закона.

Құрметті депутаттар! Осы заңды қабылдау арқылы біз бүгін көптеген пікірталастарды ас үй мен көшелерден Парламенттің залдарына еніп, өркениетті жолмен шешуде нақты құрал жасаймыз.

«Ақ жол» демократиялық партиясы фракциясының атынан біз Президент Тоқаевты аса қажетті тапсырма бергені үшін, сондай-ақ жұмыс тобының барлық мүшелеріне алғысымызды білдіреміз.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Азат Тұрлыбекұлы.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Омарбекова Жанат Әнуарбекқызына беріледі.

ОМАРБЕКОВА Ж.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Азат Тұрлыбекұлы! Заң жобасына сәйкес конституциялық заңның 12-бабы 4-тармақпен толықтырылады. Онда парламенттік оппозицияның бір сессия ішінде кемінде бір парламенттік тыңдауға бастамашылық жасауға құқылы екені көзделген.

Сонымен бірге көрсетілген заңның қолданыстағы 12-бабында депутаттардың парламенттік тыңдауға бастамашылық жасау бөлігінде ешбір шектеу жоқ. Осы норма қаншалықты қажет? Бұл норма бір-бірін қайталап тұрған жоқ па?

ПЕРУАШЕВ А.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Иә, дұрыс айтасыз, заң парламенттік тыңдауларды ұсынуға депутаттардың құқығын шектемейді. Бірақ кез келген парламенттік іс-шараларда парламенттік көпшіліктің орны, рөлі шешуші екенін бәріміз жақсы білеміз. Осы заң жобаның мақсаты – парламенттік оппозицияның құқықтарын іске асыру. Қоғамды алаңдататын проблемаларды көшеде емес, Парламент қабырғасында көтергені дұрыс деп санаймыз. Сол үшін оппозицияға кемінде сессия сайын өзекті тақырыптарды парламенттік тыңдаулар деңгейінде көтеруге мүмкіндік беруіміз керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Меніңше, бұл норманың басқа нормалармен салыстырғанда үлкен айырмашылығы бар. Енді заң бойынша, заң деңгейінде парламенттік оппозицияға кемінде бір рет парламенттік тыңдауға бастамашы болуына мүмкіндік, кепілдік береді. Ол бұрын болмаған. Енді біз заң бойынша оны кіргізіп отырмыз. Басты айырмашылық сонда. Сондықтан ол өте маңызды, өте керек деп санаймын. Әсіресе ол, жана баяндамашы айтқандай, парламенттік оппозицияның Парламентте жұмыс барысында сұрақтарын көтеру үшін, басқа мәселелер бойынша ұсыныстарын жасау үшін керек. Енді біз заң бойынша осы кепілдікті беріп отырмыз.

Сөз депутат Шишигина Ольга Васильевнаға беріледі.

ШИШИГИНА О.В. Спасибо.

Мой вопрос также касается статьи 12.

Как уже было сказано, парламентская оппозиция вправе инициировать не менее одних парламентских слушаний в течение одной сессии. У меня возникает вопрос относительно порядка организации парламентских слушаний, инициируемых оппозицией.

Будет ли это только определение темы парламентских слушаний или же полноценное участие членов парламентской оппозиции во всех вопросах подготовки слушаний?

ПЕРУАШЕВ А.Т. Спасибо за вопрос.

Действительно, при инициировании слушаний парламентская оппозиция должна не только определять их тематику, но и очень тесно взаимодействовать с профильным комитетом в плане подготовки, организации, приглашения экспертов в рабочие группы, подготовки рекомендаций Правительству и государственным органам.

Что касается порядка проведения, то он подробно предусмотрен в Регламенте Мажилиса. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мұсырман Кәрібай Иманжанұлына беріледі.
МҰСЫРМАН К.И. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Азат Тұрлыбекұлы! Менің сұрағым заң жобасының 15-бабына қатысты. Оған сәйкес оппозиция болып табылатын саяси партиялардың фракциялары балама заң жобасын әзірлеуге және енгізуге құқылы. Конституциялық заңның нормаларына сәйкес Парламенттің кез келген депутаты Мәжіліске заңнамалық акт жобасын енгізуге құқылы, яғни заң жобасына бастамашылық жасай алады. Парламенттік оппозицияға балама заң жобаларын енгізу құқығы қаншалықты қажетті? Рақмет.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Енді әдетте депутат ұсынған заң жобасы өз ретімен әзірленіп, тиісті процедуралардан өтуі керек. Ал балама заң жобасы оппозиция қолдамайтын Үкіметтің заң жобасына бәсеке ретінде шығарылуға және Үкіметтің заң жобасымен қатар қарастырылуға тиіс. Оппозицияның рөлі сонда емес пе. Бұл заң шығару саласында ашықтық және бәсекелестік тудыратын жаңадан шыққан новелла. Мысалы, бір заң жобасы әдеттегі процедуралармен кемінде бір-екі жылдай жүрсе, бұндай заң жоба Үкіметтің жобасына ешқандай балама, ешқандай бәсекелестік жасай алмайды. Сондықтан біз оппозицияға баламалы заң жобасын шығаруға мүмкіндік беруіміз керек деп санаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бычкова Светлана Федоровнаға беріледі.

БЫЧКОВА С.Ф. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован представителю Министерства юстиции.

На прошлой неделе Мажилисом Парламента был одобрен проект закона, который предусматривает снижение регистрационного требования с 40 тысяч до 20 тысяч человек для создания и регистрации политической партии. В контексте рассматриваемого проекта конституционного закона это положение имеет принципиальную важность – оно создаст значительный импульс к появлению новых политических партий, которые в будущем могут быть представлены в Мажилисе Парламента Республики Казахстан в качестве оппозиционных партий.

В свою очередь, рассматриваемый проект конституционного закона закрепляет основу политического меньшинства не только для действующих политических партий, но и для тех, которые возникнут в будущем.

В связи с этим скажите, пожалуйста, какова активность в последние годы инициативных групп, которые намерены создать политические партии?

В целом проинформируйте, пожалуйста, какая тенденция сложилась в данном вопросе в стране?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Наталья Виссарионовна Пан.

ПАН Н.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич. Спасибо за вопросы, Светлана Федоровна.

Министерство юстиции, как уполномоченный орган по государственной регистрации политических партий, ведет такую статистику. В 2019 году наблюдается некоторый рост политической активности по сравнению с 2017 и

2018 годами, когда не поступало уведомлений о намерении создать такие политические партии.

На сегодняшний день 7 незарегистрированных объединений. Причиной отказа в подавляющем большинстве (в пяти случаях из семи) являются непредставление списка инициативных групп, у одной организации истек предусмотренный законом шестимесячный срок деятельности организационного комитета (Министерство юстиции вынуждено будет отказать), одно объединение проходит проверку, чтобы члены не являлись гражданами иностранного государства, сотрудниками правоохранительных органов, военнослужащими и судьями. Такие запреты существуют. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Смирнова Ирина Владимировнаға беріледі.

СМИРНОВА И.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Азат Турлыбекович! В законопроекте дано определение парламентской оппозиции. К ней относится политическая партия, представленная в Мажилисе Парламента, имеющая иную позицию по социально-экономическим и (или) общественно-политическим вопросам, чем партия, составляющая парламентское большинство.

Законодательство ряда стран СНГ и государств Европейского союза определяет, что парламентской оппозицией считается политическая партия, не входящая в состав парламентского большинства, которая объявила о своей оппозиции по отношению к нему.

В этой связи у меня к Вам следующий вопрос.

Будет ли в соответствии с законопроектом автоматически оппозиционной считаться партия, просто не вошедшая в парламентское большинство? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Азат Турлыбекович.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Спасибо за вопрос.

Как Вы правильно отметили, в законопроекте мы даем определение парламентской оппозиции как партии, представленной в Мажилисе Парламента, не вошедшей в парламентское большинство и, как правило (я подчеркиваю, как правило, то есть на системной основе), выступающей с иной позицией по социально-экономическим и (или) общественно-политическим вопросам, чем партия парламентского большинства. Тем самым мы стремимся стимулировать не просто присутствие партий в Мажилисе, а именно – активную работу, то есть не просто называть себя оппозицией, а реально предлагать иные варианты решений, иные подходы, альтернативные взгляды на существующие проблемы.

Более того, в данном законопроекте закладывается целый ряд преференций для партии парламентской оппозиции, о которых я уже сказал, в частности, еще будем говорить по поводу председателя, секретаря комитетов Мажилиса, гарантии выступления на мероприятиях в рамках Парламента и так далее.

Надо отметить, что эти преференции закрепляются именно за парламентской оппозицией, за фракцией, имеющей такой статус. Мы

рассчитываем, что эти преференции станут очень серьезным стимулом для партии парламентского меньшинства не просто присутствовать в здании Мажилиса, а активно оппонировать партии власти, постоянно выдвигать альтернативные предложения и добиваться реальных перемен как в социально-экономической, так и в общественно-политической жизни общества.

Думаю, что мало быть просто в парламентском меньшинстве, надо еще активно проявлять свою гражданскую позицию.

ТӨРАҒА. Если говорить о технической, вернее – об юридической составляющей, то надо понимать, что после того, когда фракция, обсудив в партии, принимает решение, что она переходит в парламентскую оппозицию, она должна будет это дело заявить. Насколько мне известно, в рабочей группе это обсуждалось и в Регламенте будет прописано, что фракция объявляет об этом на заседании Бюро Палаты, проходит регистрацию и только после этого начинает работать в рамках парламентской оппозиции. То есть объявляется на заседании Бюро и проходит там решение.

Сөз депутат Хитуов Тарас Киікбайұлына беріледі.

ХИТУОВ Т.К. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Азат Тұрлыбекұлы! Менің сұрағым алдыңғы сұрақтың жалғасы болмақ.

«Парламенттік оппозиция» ұғымы заң жобасында нақты анықталған. Оған бірнеше саяси партия жатуы мүмкін. Оппозициялық партиялар парламенттік көпшілікке ғана қатысты емес, сондай-ақ қандай да бір мәселелер бойынша мүлдем кереғар позиция ұстануы, парламенттік оппозиция ішінде де қайшы келетін көзқарас болуы мүмкін екені түсінікті. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Орын алуы мүмкін ішкі қайшылықтарды шешу үшін парламенттік оппозиция фракцияларының жұмысы қалай жолға қойылады? Соны айтып берсеңіз.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі заң жобасының басты мақсаты – «парламенттік оппозиция» деген ұғымды заңдастыру, оны мазмұнымен, нақты құзыретімен толықтыру. Ал парламенттік оппозиция ішіндегі қарым-қатынастарда қарама-қайшылықтар болса, партия фракциялары арасындағы бұндай жағдайлар конституциялық заңмен және Мәжіліс Регламентімен реттелген. Сонда да басты ұстаным – олардың арасындағы теңдік және өзара сыйластық. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Азат Тұрлыбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі депутат Дүйсенбинов Берік Сәлімжанұлына беріледі.

ДҮЙСЕНБИНОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Қадірлі депутаттар! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өткен жылдың желтоқсанында Ұлттық

қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында: «Бізге парламенттік оппозиция институты қажет. Біз балама пікірлер мен қоғамдық талқылау тоқыраудың басы емес, дамудың басты талаптарының бірі екеніне көз жеткіздік, сондықтан парламенттегі саяси азшылықтың негізін заң жүзінде бекіту қажет», – деп парламенттік оппозиция институтын қалыптастыру қажеттігі туралы тапсырма берген еді.

Осыған орай 2012 жылы «Ақ жол» демократиялық партиясының бастамашылығымен әзірленген «Парламенттік оппозиция туралы» Заң жобасы қайта жандандырылып, 13 ақпанда Үкіметтің қарауына ұсынылған еді. Бұл тарихи заң жобасының жүріп өткен жолын жаңа ғана сіздерге Азат Тұрлыбекұлы егжей-тегжейлі баяндап берді.

Сонымен 18 наурызда аталмыш заң жобасы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына қосымшалар енгізу деген атпен Парламент Мәжілісінің қарауына келіп түсті. Бұл заң жобасы бойынша Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті бас комитет болып бекітілді.

Бүгінгі заң жобаларын қарастыруда Мәжілісте қалыптасқан тәртіп бойынша ұсынылып отырған заң жобасы да жұмыс тобының мүшелері – Мәжіліс депутаттары мен мүдделі мемлекеттік органдармен қатар Ұлттық кеңес мүшелері, саясаттанушылар және тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен талқыланды.

Жаңа заң жобасы парламенттік оппозицияға қандай да бір мәселе бойынша өз ұстанымын білдіруге кепілдік беру мақсатында Мәжіліс депутаттарының арасынан саяси партиялар фракцияларының басшылары мен өкілдерінің Парламент палаталарының бірлескен отырыстарында, Парламент Мәжілісінің жалпы отырыстарында, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдаулар мен өзге де іс-шараларда сөз сөйлеуге кепілдік беру құқығын бекітті.

Бұған қоса заң жобасымен парламенттік оппозицияға Парламент Мәжілісінің Регламентінде көзделген тәртіппен бір сессия ішінде кемінде бір рет парламенттік тыңдау өткізуге және кемінде екі рет «үкімет сағатының» күн тәртібін белгілеуге бастамашылық жасау құқығы беріледі.

Заң жобасын талқылау барысында жұмыс тобына нормалардың мағынасын өзгертпейтін редакциялық түзетулер келіп түсті. Атап айтқанда, «парламенттік көпшілік» және «парламенттік оппозиция» түсініктері, сондай-ақ парламенттік оппозицияның Парламент жұмысының уақытына байланысты парламенттік тыңдаулар және «үкімет сағатын» өткізуге бастамашылық жасау құқығын белгілейтін нормалар нақтыланды. Сондай-ақ аталған заң жобасының күшіне ену мерзімін бас комитеттің ұсынысымен 2021 жылдың 1 қаңтарына ауыстырылды.

Жұмыс тобының мүшелері аталған түзетулерді бірауыздан мақұлдады.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті заң жобасын қарап, жұмыс тобының редакциялық сипаттағы өзгерістер бөлігіндегі ұсыныстарын қолдады.

Тарихи маңызы зор заң жобасына белсенді атсалысып және қолдау көрсеткендері үшін жұмыс тобының мүшелеріне, талқылауға қатысқан азаматтарға алғыс білдіргім келеді.

Осы айтылғандардың негізінде бас комитет заң жобасын мақұлдап, оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуге болады деп есептейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет. ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Сәлімжанұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Қожахметов Арман Төлешұлына беріледі.

ҚОЖАХМЕТОВ А.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Мен аталған конституциялық заң жобасын толығымен қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Парламенттік оппозиция қазіргі заманғы демократиялық басқару жүйесінің маңызды институты болып табылады.

Оның шеңберінде партиялық азшылықтың мүдделерін қорғау жүзеге асырылып, сол арқылы сайлаушылардың да мүдделерін қорғау қамтамасыз етілетін болады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде оппозиция болып табылатын саяси партиялар фракцияларының рөлін күшейту партияларға ел өмірінің әртүрлі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелері бойынша өз пікірін білдіру, неғұрлым маңызды мәселелерді талқылауға белсендірек атсалысу мүмкіндігін береді.

Жалпы алғанда, парламенттік оппозиция мәртебесін институционалдық тұрғыдан бекіте отырып, біз парламентаризмді дамытуға ықпал ететін боламыз. Оған сәйкес парламенттік оппозиция Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабында көзделген саяси плюрализм қағидатына кепілдік береді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.



Дүртте. Бұған қосымша қамтамасыз ету бойынша сөздер менгерушісі мауф Н. Мәйтөнов деді.